

ӘОЖ 130.2

А.Р. Масалимова, Г.А. Абдуразакова*

Философия және саясаттану факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: gauhar_abdikarimovna@mail.ru

Интеллектуалды ұлттың қалыптасуындағы акмеологиялық мәдениеттің рөлі

Мақалада басты міндеттердің бірі интеллектуалды ұлт қалыптастыруда акмеологиялық мәдениеттің орнын анықтау. Осыған орай, Акмеологиялық мәдениеттің орнын анықтауға байланысты Алматы қаласының төрт ЖОО оқитын магистранттардан тақырыпқа сай сұрау алынған. Мақалада сұраудың қорытынды анализі көрсетілген. Сараланған мәліметтер бойынша интеллектуалды ұлт қалыптастыруда акмеологиялық мәдениеттің рөлі қарастырылады, сонымен бірге, адам капиталының маңыздылығы мен оның респонденттермен түсінілуі айқындалады.

Түйін сөздер: интеллектуалды ұлт, интеллект, интеллектуалды фондтар, капитал, адам капиталы, акмеология, акмеологиялық мәдениет, интеллектуалды әлеует.

A.R. Masalimova, G.A. Abdurazakova

Role acmeological culture in formation of intellectual nation

A one of main goals of article is to reveal the role of acmeologic culture in formation of the intellectual nation. There were conducted research works in four higher education institutions of Almaty in order to identify the role of acmeologic culture. The analysis of data is specified in the paper. The analysis of data considers the role of acmeologic culture in formation of the intellectual nation, likewise importance of the human capital and realizing of respondents.

Key words: intellectual nation, intelligence, intellectual funds, capital, human capital, acmeology, acmeologic culture, intellectual society.

A.R. Masalimova, G.A. Abdurazakova

Роль акмеологической культуры в формировании интеллектуальной нации

Одним из главных целей статьи является выявить роль акмеологической культуры в становлении интеллектуальной нации. Для этого были проведены исследования в четырех вузах Алматы. В статье показан анализ данных этих исследований.

Ключевые слова: интеллектуальная нация, интеллект, интеллектуальные фонды, капитал, человеческий капитал акмеология, акмеологическая культура, интеллектуальное общество.

Қазіргі кезде әлеуметтік модернизация заманында акмеологиялық мәдениеттің қалыптасуын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болуда, себе-

бі интеллектуалды ұлтты қалыптастыру Қазақстан Республикасының дамуының басты мақсаттарының бірі болуда, ал акмеологиялық

мәдениет оның бір негізі. Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру арқылы біз мемлекетіміздің халықының білім сауаттылығын жоғарлата аламыз, сонымен бірге, мәдениетін, рухани өркениетін дамыта аламыз, яғни, бізге қазіргі таңда сауатты, интеллектуалды адамдарды қалаптастыру үшін акмеологиялық мәдениетті елімізге сіндіру керек, осы мәдениеттің қалыптасуы арқылы мемлекетіміз дамыған мемлекеттермен бәсекелесе алады. Әрине, әлемдік экономикалық, саяси-әлеуметтік үдерістердің жылдам дамуы кезеңінде қазақстандық қоғамның рухани құндылықтары мен идеологиялық ұстанымдарын айқындау, өркениеттілік қағидаларына бағыттау өзекті болуда. Оған елімізде ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған мемлекеттік шаралардың іске асырылуы мәселені күн тәртібіне қойып отырғанының дәлелі.

Әлемде және Қазақстанда, адамның өмірлік қызметінің барлық саласында және ең алдымен, белсенді дамушы ақпараттық кеңістікте өтіп жатқан қарқынды өзгерістер, социумда таралатын және қалыптасушы тұлғаға әсер ететін тез үдейтін ақпараттар көлемі тұлғаның әлеуметтік бағдарын күрделендіреді. Олар, бір жағынан, өсіп келе жатқан адамның «ақпараттық» тұлғасының тәрбиеленуі мен дамуына жаңа талаптар ұсынады – ақпараттар ағынын шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеуге, ұтқыр және қабілетті болуға, екінші жағынан, ақпараттық қоғамның инфрақұрылымының өзі өскелең ұрпақтың шығармашылық дамуы үшін зор мүмкіндіктерге ие, ол бір кездері болған ілімдер мен құндылықтардың саналуандылығына қолжетімділікпен де, оны белсенді қызметке енгізумен де байланысты – адамдармен, (құрдастарымен, кіші және үлкен ұрпақ өкілдерімен), тұтасымен қоршаған ортамен ақпараттық-коммуникативті әрекеттестуде.

Шын мәнінде бүгінгі күні адамның өмірлік тіршілік етуі өзіндік заңдылықтары бар және дамуы мен қызмет етуінің ерекшеліктері бар спецификалық ақпараттық кеңістікте жүзеге асырылады. Мұндай кеңістікте адамның тіршілік етуі оған бүкіләлемдік-тарихи масштабтағы ақпараттық үрдіске енуге, күшті ақпараттық база – мәдениетті игеру мен дамуына ғана көмектесіп қана қоймай, қызметте, тұлғалық өзіндік даму мен өзіндік жетілдіруде ақпараттарды белгілеу,

жинақтау, қайта өңдеу, сақтау және берудің кең мүмкіндіктерін пайдалануға да көмек береді [1]. Осыған орай елімізде әліде болса интеллектуалды ұлт көрсеткіші төмен. Сол үшін еліміздің саясатына мәдениеттің бір аспектісін алып келе отырып, интеллектуалды ұлтты қалыптастыру мәселесін қарастыру қажет. Қазақстанның интеллектуалды әлеуетінің артуында, интеллектуалды ұлт қалыптасуында ақпараттық-коммуникативтік процестерді талдау, таяу болашағын айқындау, тиімді жүзеге асыру механизмі ретінде бұқараға ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету технологияларын әзірлеу зерттеудің өзектілігін танытады [2].

Зерттеу объектісі болып, Қазақстан Республикасындағы ЖОО-ның магистранттары, оның пәні: елімізде басты мәселелердің біріне айналған интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда акмеологиялық мәдениеттің аспектілерін пайдалану болып табылады. Зерттеудің мақсаты ретінде интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда акмеологиялық мәдениеттің әсерін анықтап, оның болашағын айқындау нәтижесінде бұқараға тиімді ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету бағдарламасын әзірлеу болса, оған жету жолында мынадай міндеттер алға қойылады:

1. Ұлттың интеллектуалдық капиталы қалыптасуының ғылыми, әлеуметтік, мәдени, интеллектуалдық, моральдық, танымдық негіздерін зерттеу, талдау нәтижесінде оның бұқараға тиімді ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету технологияларын әзірлеу;

2. Халықтың интеллектуалды капиталы қалыптасуында ғылыми жетістіктер мен мәдени-рухани құндылықтарды, ұлтжандылық, отансүйгіштік сананы айқындайтын факторларды айқындау, елдік жағымды имидж қалыптастырудың коммуникативтік стратегиясын әзірлеу;


3. Интеллектуалды ұлт қалыптасуының моральдық, мәдени талаптарын ақпараттық-насихаттық қолдау, мәдени ақпараттық орта қалыптастырудың тиімді механизмдерін әзірлеу.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында сандық әдістің анкеталық сұрау әдісі қолданылды. Іріктеу бойынша бас жиынтық – Алматы қаласындағы ЖОО-да магистратурада оқитын 200 респондент алынды. 50 респондент – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 50 респондент – Т.Рысқұлов атындағы ҚазӘУ, 50 респондент – М.Тынышбаев атындағы ҚазККА, 50 респон-

дент – С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ магистрант табылады. Іріктеу бойынша кездейсоқ іріктеу әдісі пайдаланылады. 98%-ы сенімділік

деңгейі, қателік болуы мүмкін деңгейі – 2%.

Ғылыми-зерттеушілік топ туралы ақпарат төменде диаграммаларда көрсетілген.



1-диаграмма – Жастық ерекшелік

1-диаграммада көрсетілгендей сұралған респонденттер саны 200, олардың ішінде 21-23 арасындағылар 65,3%, 24-26 жас арасындағылар 15,3%, 27 жоғарылар саны 37% құрайды. Респонденттер арнайы ЖОО орындарының ма-


гистранттары етіп алынды. Бас жиынтық 200-100% респондентті құрағандықтан, Алматы қаласындағы төрт ЖОО 50 респонденттен кездейсоқ сұрау сұралынды (1-кесте).

1-кесте – ЖОО бойынша іріктеу

	Frequency	Percent	Valid Percent
ҚазҰУ	50	24,8	25,0
ҚазККА	50	24,8	25,0
ҚазҰМУ	50	24,8	25,0
ҚазӘУ	50	24,8	25,0
Total	200	99,0	100,0

Кестеде көрсетілгендей төрт ЖОО теңдей 50 респондент сұралынған. Зерттеуді талдау барысында респонденттерді ЖОО бай-

лынысты, жастық ерекшелігіне байланысты және де жыныстық ерекшелігіне байланысты қарастырдық (2-диаграмма).



2-диаграмма – Жыныстық ерекшелігіне байланысты іріктеу

2-диаграммада сұралған көрсетілгендей ерлер мен әйелдер көрсеткіші тең емес, сұралған респонденттер кездейсоқ әдіс арқылы сұралу себебінен бас жиынтықтың 28,2 ерлер құраса, әйелер 70,8% құрады.

«Сіздің ойыңызша, Қазақстанда интел-

лектуалды ұлттың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?» деген алғашқы сауалға респонденттердің жартысына жуығы, яғни 40,6% «Саяси-әлеуметтік және экономикалық реформалардың дамуы» жауабын таңдады (2-кесте).

2-кесте – Сіздің ойыңызша, Қазақстанда интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?


	Frequency	Percent	Valid Percent
Саяси-әлеуметтік және экономикалық реформалардың дамуы	82	40,6	41,0
Ұлтжандылықтың өсуі	22	10,9	11,0
Демократиялық үрдістердің өсуі	18	8,9	9,0
Рухани құндылықтарға жаңа көзқарастың қалыптасуы	47	23,3	23,5
Ақпараттық технологияның өсуі	26	12,9	13,0

Елімізде интеллектуалды ұлт қалыптастыруғы негізгі алғышарттардың бірі – ұлттық құндылықтарды дамыту. Респонденттерге «Сіздің ойыңызша, Қазақстанда интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді?» деген сауал аясында саяси-әлеуметтік, экономикалық реформалардың дамуы, ұлтжандылықтың өсуі, демократиялық үдерістердің өсуі, рухани құндылықтарға жаңа көзқарастың қалыптасуы, ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы мәселелері қарастырылды. Көтерілген мәселе аясында еліміздің дамуына қатысты факторлар қамтылып, сонымен қатар жаһандану салдарының халықтың рухани әсері қоғамдық пікір таразысына салынды. Саяси-әлеуметтік, экономикалық реформалардың дамуы – 40,6%, ұлтжандылықтың өсуі – 10,9%, демократиялық үдерістердің өсуі – 8,9%, рухани құндылықтарға жаңа көзқарастың қалыптасуы – 23,3%, ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы – 12,9%-ды құрады. Респонденттер тобының жауабынан байқалғаны, қоғамның басым бөлігіне интеллектуалды әлеуеттің дамуы саяси-әлеуметтік, экономикалық реформалардың дамуы на байланысты екендігін байқауға болады.


Бұл сұраққа ЖОО магистранттарының жауабын салыстырмалы түрде қарар болсақ, өзіндік екекшелікке кезігеміз. Диаграммада көрсетілгендей, респонденттердің көпшілік бөлігі «саяси-әлеуметтік және экономикалық реформалардың дамуы» жауабын таңдаған, олардың пікірінше бұл басты фактор, екінші фактор «Рухани құндылықтарға жаңа көзқарастың қалыптасуы», үшінші фактор «демократиялық үрдістердің өсуі» болса, төртінші фактор «ақпараттық технологияның өсуі», бесінші фактор «ұлтжандылықтың өсуі» (3-диаграмма).

ЖОО орнына байланысты салыстыруда магистранттардың жауабынан айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Ал, жыныстық ерекшелік бойынша талдауда байқағанымыздай ерлерге (2) қарағанда әйелдер (24) ақпараттық технологияның өсуін басты факторлардың бірі деп қарайды (4-диаграмма).

Сұралушылардан елімізде интеллектуалды ұлттың қалыптасуы үшін қандай жағдай керектігін білу мақсатында қойылған «Сіздің пікіріңізше елімізде интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай жағдай керек?» сұрағына жауап 3-кестеде көрсетілген.



3-диаграмма – Қазақстанда интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді? (ЖОО бойынша салыстыру)



4-диаграмма – Қазақстанда интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді? (жыныстық ерекшелік бойынша салыстыру)


3-кесте – Сіздің пікіріңізше елімізде интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай жағдай керек?

	Frequency	Percent	Valid Percent
Білім беру саласын түбегейлі өзгерту	60	29,7	30,0
Ұлттық интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыру	81	40,1	40,5
Жаһандық үрдістердің әсерін көбейту	9	4,5	4,5
БАҚ рөлін көтеру	4	2,0	2,0
Ұлтжандылық сезімін тудырушы әлеуметтік жарнаманың рөлін жоғарлату	13	6,4	6,5
Елімізде технологияны тез дамыту	24	11,9	12,0
Басқа	9	4,5	4,5
Total	200	99,0	100,0

Респонденттердің пікірінше, 3-кестеден көріп отырғандай, ұлттық интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыру – 40,1%, білім беру саласын түбегейлі өзгерту – 29,7%, елімізде технологияны тез дамыту – 11,9% болса, Жаһандық үдерістердің әсерін көбейту – 4,5%, БАҚ рөлін көбейту – 2%. Елімізде интеллектуалды әлеуетті толықтай қалыптастыру барысында ең алдымен ұлттық интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігі танылады. Бұл оймен ерлер мен әйелдер қауымы

теңдей келіседі (5-диаграмма).

Елімізде интеллектуалды ұлтының қалыптасуына қажетті жағдайға келгенде талдау барысында жастық ерекшеліктеріне байланысты айырмашылық байқалды. 21-23 жас аралығындағы магистранттар басты қажеттілік ұлттық интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыру десе, 24-26 жастар білім беру саласын түбегейлі өзгерті дейді, ал 27 жоғары жастағы магистранттар 21-23 жастағылармен толықтай келіседі (4-кесте).



5-диаграмма – Сіздің пікіріңізше елімізде интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай жағдай керек?

4-кесте – Сіздің пікіріңізше елімізде интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай жағдай керек? (жастық ерекшелік бойынша салыстыру)

	Білім беру саласын түбегейлі өзгерту	Ұлттық интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыру	Жаһандық үрдістердің әсерін көбейту	БАҚ рөлін көтеру	Ұлтжандылық сезімін тудырушы әлеуметтік жарнаманың рөлін жоғарлату	Елімізде технологияны тез дамыту	Басқа
21-23	41	52	4	2	9	18	6
24-26	11	9	4	0	2	3	2
27 жоғары	8	20	1	2	2	3	1
Total	60	81	9	4	13	24	9

Сонымен бірге, осы сауалға ЖОО алынған жауаптарда айырмашылық бар, мысалы, ең алдымен ұлттық интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыру қажет деп әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ магистранттары санаса, ал М. Тынышбаев атындағы ҚазККА магистранттары білім беру саласын

түбегейлі өзгертуді басты жағдай деп санайды (5-кесте). Мемлекеттің интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бағытталған қоғам арасында қаншалықты сенім ұялататындығын көрсетеді. Бұл жаңа формациядағы азаматтарды тәрбиелеп, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталына бай мемлекетке айналдыратын көрсеткіштер.

5-кесте – Сіздің пікіріңізше елімізде интеллектуалды ұлттың қалыптасуына қандай жағдай керек?

	Білім беру саласын түбегейлі өзгерту	Ұлттық интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыру	Жаһандық үрдістердің әсерін көбейту	БАҚ рөлін көтеру	Ұлтжандылық сезімін тудырушы әлеуметтік жарнаманың рөлін жоғарлату	Елімізде технологияны тез дамыту	Басқа
ҚазҰУ	11	19	3	2	5	8	2
ҚазККА	22	12	2	1	3	7	3
ҚазҰМУ	14	26	2	1	3	3	1
ҚазЭУ	13	24	2	0	2	6	3
total	60	81	9	4	13	24	9

Біз тәуелсіздік алған жылдардан бері интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасудың қандай сатысына жеттік (6-кестеб)? Сұралушылардың жауаптары бойынша, толықтай қалыптастық деушілер – 2%, қалыптасудың жоғары сатысын-


дамыз – 5,5%, жауап беруге қиналамын – 10%, қалыптасудың төмен сатысындамыз деушілер – 24,5% құраса орта сатысындамыз деушілер ең жоғары пайызды – 58% құрайды (6-кесте).

6-кесте – Сіздің пікіріңізше, біз тәуелсіздік алған жылдардан бері интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасудың қандай сатысына жеттік?

	Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
Толықтай қалыптастық	4	2,0	2,0	2,0
Қалыптасудың жоғары сатысындамыз	11	5,4	5,5	7,5
Қалыптасудың орта сатысындамыз	116	57,4	58,0	65,5
Қалыптасудың төмен сатысындамыз	49	24,3	24,5	90,0
Жауап беруге қиналамын	20	9,9	10,0	100,0
Total	200	99,0	100,0	

Дәл осы сұраққа жауапты зерттеу барысында таптық десек қателеспейміз, 6-диаграммада көрсетілгендей әйелдер мен ерлердің пікірі бір жерден шықты, олардың жауаптарына сәйкес

Қазақстан Республикасы егемендігін алғанна бастап интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасудың орта сатына жетті (6-диаграмма).



6-диаграмма – Сіздің пікіріңізше, біз тәуелсіздік алған жылдардан бері интеллектуалды ұлт ретінде қалыптасудың қандай сатысына жеттік?

Бүгінгі таңда адам ресурсын қолдану мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі материалдық техникалық базасы дамыған қоғамда адам капиталын жан-жақты қолдану қажеттігі туындайды. Экономикалық стратегияның бағытын, басымдылығын таңдауда жеткізуші мақсатты қойылымды анықтап, әлемдік тенденцияларды ескеру арқылы қоғамдық өмір мен экономикада не болып жатқанын түсінген дұрыс. Қазіргі таңда қоғамдық дамудың басты факторы ғылыми-техникалық прогресс емес, адам сапасы болып отыр. Әлемдік жүйедегі болашақ орны мен рөлі адам капиталының сапасына байланысты. Адам капиталы мәнінің өсуі адамды басты

мақсат ретінде қарайды, мұның мәні қоғамдағы позитивтік өзгерістер мен экономикалық көрсеткіштердің өсуі адамдардың негізгі қажеттіктерін қамтамасыз етуге әсер етуі керек және еркіндік беріп, ерікті таңдауға мүмкіндік ашуы керек. Адам да өз әлемін басқаруда өзін-өзі басқару мүмкіндігі мен ынта-жігерін дамытуға негізгі күштің бәрі бағытталуы қажет [6]. Адам капиталы қазіргі қоғамда басты мақсаттардың бірі болғандықтан, зерттеу барысында ЖОО магистранттарынан олардың адам капиталын қалай түсінетіндерін білу мақсатында «Сіз адам капиталын қалай түсінесіз?» деген сұрақ берілді (7-кесте).

7-кесте – Сіз адам капиталын қалай түсінесіз?

	адам капиталы – ол тек білім	адам капиталы – интеллект, денсаулық, білім	адам капиталы – сапалы әрі тұтынушы еңбек	адам капиталы – ақша мен сапалы өмір	жауап беруге киналам
ер	6	39	7	3	0
әйел	6	110	11	9	7
Total	12	149	18	12	7

Кестеден көріп тұрғанымыздай, респонденттердің жауаптары бойынша адам капиталы – интеллект, денсаулық және білім. Ерадамдардың – 39, әйел адамдардың – 110 осы оймен келісетіндігін көрсетті. Сұралушылардың 18-і адам капиталын сапалы әрі тұтынушы еңбек десе, 12-сі тек білім, ақша мен сапалы өмір дейді. Көпшілік капиталды – ақша, жер, активтері мүліктер деп түсінеді. Дегенмен, өткен ғасырдың елуінші жылдарында АҚШ-та адам капиталы деген термин пайда болып, соның теориясын жасаған екі оқымысты Нобель сыйлығының иегері атанды. Адам капиталы деген сөздің ең қысқаша ұғымы – интеллект, денсаулық, білім және өнімді еңбек пен өмір сүру сапасы [5]. Бұл ұғым бірінші кезекте адамның бойындағы талант пен мүмкіндіктерді, денінің сау болуы мен еңбекке жарамдылығын меңзейді. Респонденттердің адам капиталын дұрыс түсінуі интеллектуалды әлеуеттің дұрыс

қалыптасуында деген. Интеллектуалды ұлттың қалыптасуына акмеологиялық мәдениеттің әсері осы адам капиталын басты орынға қоюдан бастау алады. Акмеологиялық мәдениеттің дамуы қоғамдық-перцептивті заңдылығы әртүрлі өмір сүру ортасында адамның өзіндік жетілуінің нәтижелігі және тұлғаның қоғам тану механизмі сияқты, өзін-өзі идентификациялау және рефлекстің тепе-теңдікте формалануы арасында тәуелділікті көрсетеді [2]. Сәйкесінше адам капиталы дамыған сайын, өзінің шыңына жеткен сайын елімізде интеллектуалды ұлттың қалыптасуы деңгейі жоғарлайды, немесе интеллектісі жоғары адамдар саны көбейеді. Қазіргі таңда біздің елімізде респонденттердің ойынша адам капиталының дамуы қандай дәрежеде екендігін оларға қойылған сегізінші сұрақтың жауаптарынан көруге болады (8-кесте).

8-кесте – Қазақстанда адам капиталының дамуына қандай баға бересіз?

	Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
өте жоғары	4	2,0	2,0	2,0
жоғары	26	12,9	13,0	15,0
орта	116	57,4	58,0	73,0
төмен	43	21,3	21,5	94,5
өте төмен	10	5,0	5,0	99,5
Total	200	99,0	100,0	

Респонденттердің пікірінше елімізде адам капиталының даму деңгейі орта деңгейе – 57,4%. 21,3% респонденттер – төмен деп ойласа, 12,9% жоғары деп ойлайды.

Анкетаның тоғызыншы сұрағы: «Сіз интеллектуалды фондтардың халыққа қол жетімділігі

қандай дәрежеде деп ойлайсыз?». Бұл сұрақ елімізде интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда басты көрсеткіштердің бірі интеллектуалды фондтардың қолжетімділік деңгейін анықтауға бағытталған (9-кесте).

9-кесте – Сіз интеллектуалды фондтардың халыққа қол жетімділігі қандай дәрежеде деп ойлайсыз?

	Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
қол жетімсіз, себебі көп қаражатты қажет етеді	41	20,3	20,5	20,5
барлық адамға қол жетімді, себебі мемлекет мұндай фондтардың санын көбейтіп, демеуші болуда	56	27,7	28,0	48,5
материалдық жағдайы жақсы отбасыларға ғана қолжетімді	51	25,2	25,5	74,0
жастарға ғана қолжетімді	10	5,0	5,0	79,0
жауап беруге қиналамын	33	16,3	16,5	95,5
Басқа	9	4,5	4,5	100,0
Total	200	99,0	100,0	

Интеллектуалды фондтардың халыққа қолжетімділігін анықтауда респонденттердің жауаптары әртүрлі болды. Респонденттердің 27,7% – барлық адамға қол жетімді, себебі мемлекет аталған фондтардың санын көбейтіп, демеуші болуда десе, 25,2% – материалдық жағдайы жақсы отбасыларға ғана қолжетімді, 20,3% – қол жетімсіз, себебі көп қаражатты қажет етеді деген жауап берді. Бұл жауаптарды талдайтын болсақ, елімізде мұндай фондтар қолжетімді. Адам өз білімін шыңдаймын десе елімізде бәріне жол ашық. Интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда білім басты рөлді алады, сол себепті мұндай

фондтардың қолжетімді болуы маңызды. Сонымен бірге, елімізде БАҚ құралдарының интеллектуалды әлеует жайында хабар беруі, осыған орай еліміздегі «Интеллектуалды ұлт -2020» бағдарламасы жайында халықты хабарландыру да маңызды аспектілердің бірі. Осыған орай сұралушылардан «Сіз интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолында бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық саясатын қалай бағалайсыз?» деген сұрақ қойылды. ЖОО магистранттары бұл сұраққа өзін пікірлерін білдірді, олардың пікірлерінде айырмашылық үлкен емес (10-кесте).

10-кесте – Сіз интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолында бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық саясатын қалай бағалайсыз?

	өте жоғары, себебі, БАҚ-нан интеллектуалды ұлт құру жайында мағлұмат көп береді	орташа, себебі, тек БАҚ-нан елбасының «Интеллектуалды ұлт -2020» бағдарламасы жөнінде ақпарат беріледі	төмен, БАҚ-нан мүлдем мағлұмат жоқ	Басқа
ҚазҰУ	5	31	10	4
ҚазККА	13	23	10	3
ҚазҰМУ	8	30	8	3
ҚазӘУ	4	33	8	4

9-кестеде көріп отырғанымыздай төрт ЖОО-ның магистранттарының көпшілігінің пікірі бойынша елімізде интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолында БАҚ-тың саясаты орташа, себебі, БАҚ-нан елбасының «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасы жөнінде ақпарат беріледі. Елімізде бұл бағдарлама саясатымыздың басты назарында болғандықтан БАҚ құралдарының саясаты оңтайлы болып табылады.

Акмеология (грек тілінен аударғанда. ακμή, акме – шың, λόγος, logos – білім) – индивидуалды дамудың ең жоғары сатысына қол жеткізу

мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған, оның механизмдері мен заңдылықтарын зерттейтін психологиялық дамудың бір бөлігі болып табылады. Ал адамның тұлғалық деформацияны жеңуі және акмеға жету факторы ретінде өзін-өзі дамытуды тиімді етуі мен тұлғалық сапалардың жана бір шыңына жетуі, оның қалыптасуы акмеологиялық мәдениеттің қалыптасуын білдіреді [6]. Осыған орай елімізде жастар акмеологиялық мәдениетті қалай түсінеді деген сауал туындайды. Бұл сұрақты талдай отырып, елімізде жастардың пікірін 11-кестеден көре аламыз.


11-кесте – Сіз акмеологиялық мәдениетті қалай түсінесіз?

	Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
моральдық, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, мәдени, біліми ақпараттарын еркін тарататын әлеуеті бар қоғамның мәдениеті	106	52,5	53,0	53,0
білімнің шыңына жеткен адамдар өмір сүретін мәдениет				
	33	16,3	16,5	69,5
дін мен діни тәртіпке негізделген мәдениет				
	10	5,0	5,0	74,5
рухани құндылықтарға көп мән беретін мәдениет	2	1,0	1,0	75,5
білім мен ғылым саласында жаңалыққа бай мәдениет	14	6,9	7,0	82,5
жауап беруге қиналамын	28	13,9	14,0	96,5


Жоғарыда кестеден көргеніміздей респонденттер акмеологиялық мәдениетті 52,5% – моральдық, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, мәдени, біліми ақпараттарын еркін тарататын әлеуеті бар қоғамның мәдениеті деп санайды. Осы мәдениет интеллектуалды ұлттың, әлеуеттің қалыптасуында жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерге сүйене отырып айту артық емес. Акмеологиялық мәдениет интеллектуалды ұлттың қалыптасуының негізі (7-диаграмма).

Диаграмманың көрсеткіштеріне қарасақ жоғарыда айтылған пікір оң. Акмеологиялық мәдениет интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда үлкен мәнге ие.

Респонденттерге «Сіз халықтың интеллектуалды әлеуетін арттыру үшін қандай үлес қосар едіңіз» деген сауал қойылды. Бұл сауалға олар өздерінің пікірлерін пайыздық көрсеткіш бойынша көрсету керек. 11 түрлі жауап берілген, сол жауаптардың біріншісі «біліміммен», яғни елімізде интеллектуалды ұлт құруда білімнің рөлі респонденттердің пікірінше жоғары (8-диаграмма).




7-диаграмма – Сіздің пікіріңізше, адамның интеллектуалды әлеуетін көтеруге акмеологиялық мәдениеттің әсері бар ма?



8-диаграмма – Білім арқылы өз үлесін қосу.

Респонденттердің 67%-ы өздерінің білімдері арқылы интеллектуалды ұлт болып қалыптасуымызға үлес қосамыз деп ойлайды. Бұл көрсеткіш біздің интеллектуалды ұлт болуымызда білім басты орын алады деп айтуымызды теріске шығармайды. Интеллектуалды ұлт болып қалыптасу үшін ең бірінші білім

көрсеткіші жоғары болу керек. Екіншіден, ақыл да басты негіздерге кіретін көрсеткіш. 9-диаграммдан көріп тұрғандай 56 респондент яғни, сұралушылардың 27,7% – 100% өздерінің ақылы арқылы үлес қосатындығына сенімді (9-диаграмма).



9-диаграмма – Ақыл арқылы үлес қосу

Интеллектуалды ұлт, әлеует болу үшін еңбек ету керек, көп еңбек ету акмеологиялық мәдениеттешыңғажетументең, респонденттердің пікірі бойынша 100% еңбек ету арқылы үлес қосу үлесі – 29,2%. Бұл көрсеткіштерді талдай оты-

рып, 50% жоғары көрсеткіш таңдаған респонденттер саны 80% құрайды, яғни респонденттер интеллектуалды әлеуетке еңбектің қажеттілігі басым дейді (10-диаграмма).



10-диаграмма – Еңбек ету арқылы үлес қосу

Сонымен бірге, интеллектуалды қоғам үшін рух, сындарлы ой, отансүйгіштік, намысшылдық, отан сүйгіштік, адамгершілік қасиеттердің де рөлі бар екендігіне сұрау барысында көз жеткіздік. Алайда елімізде «эгоизм» қасиеті төмен дәрежеде бағаланады. Респонденттердің пікірінше эгоизм мен діні сенім интеллектуалды ұлттың қалыптасуында аз рөл ойнайды.

Акмеологиялық мәдениеттің жоғары деңгейі адамға өзін-өзі дамыту процесін өмірлік құндылық ретінде қарастыруға мүмкіндік береді,

сонымен бірге, өзінің өмір сүру кезеңінде өзін-өзі кемелдендіруге және өзін-өзі қалыптастыруға жағдай жасауға, тануға, өзектендіруге, өзінің өзіндік дара шығармашылық қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Адам акмеологиялық мәдениет арқылы білім, ақыл, біліктілік, еңбек ету сынды категориялардың шыңына жетіп, интеллектуалды ұлт және әлеует болып толыққанды қалыптаса алады. Интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда акмеологиялық мәдениеттің рөлі жоғары.

Әдебиеттер

- 1 Акмеология: учеб. / под общ. ред. А. А. Деркача. – М.: РАГС, 2002. – 650 с.
- 2 Деркач А.А. Акмеология: личностное и профессиональное развитие человека: Кн. 1-5. – Кн.3: Акмеологические резервы развития творческого потенциала личности. – М.: Изд-во РАГС, 2000. – 537 с.
- 3 Ғарифолла Есім. Ұлттық өркеніет және мәдени бағдар // Қазақстан: сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер. ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» еңбегі бойынша өткізілген қорытынды ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 8-14 бб.
- 4 Проблемы общей акмеологии / А.А. Реан, Е.Ф. Рыбалко, Н.А. Грищенко и др.; под ред. А.А. Реана. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2000. – 156 с.
- 5 <http://www.group-global.org>
- 6 <http://kk.wikipedia.org>

References

- 1 Acmeologiya: Ucheb / Pod obsh. red. A.A. Derkacha. M.: RAGS, 2002. – 650 s.
- 2 Derkach A.A. Akmeologiya: lichnostnoye i professional'noye razvitiye cheloveka. Kn.1-5. Kn.Z: Akmeologicheskiye rezervy razvitiya tvorcheskogo potentsiala lichnosti. M.: Izd-vo RAGS, 2000.- 537 s.
- 3 Garifolla Esim. Yltyk orkeniet zhane madeni bagdar // Kazakhstan: N.A. Nazarbaevtyн «Syndarly on zhyly» enbegi boiynsha otkizilgen korytyndy gylymi-praktikalyy konferenciya materialdary. – Almaty: Kazak Universitety, 2003. – 8-14 bb.
- 4 Problemy obshchey akmeologii / A.A.Rean, Ye.F.Rybalko, NA.Grishchenko i dr.; Pod red.A.A.Reana.SPb.: Izd-vo S.-Peterb.un-ta,2000.-156 s.
- 5 <http://www.group-global.org>
- 6 <http://kk.wikipedia.org>